

**Ауданда 2012 жылға халықтың нысаналы топтары және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу бойынша қосымша шаралар туралы**

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 қарашадағы N 28/03 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 желтоқсанда N 8-15-155 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабы 2 тармағына, 7 бабы 2 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осакаров ауданының аймағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі келесі жұмыссыз азаматтардың санаттарымен анықталсын:

1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғалар;

2) 50 жастан асқан әйелдер;

3) 55 жастан асқан ерлер;

4) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемеген тұлғалар;

5) отбасында бір де жұмыс істеуші жоқ тұлғалар;

6) 29 жасқа дейінгі жастар.

2. Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар анықталсын:

1) зейнеткерлік жас алдындағы адамдардың (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) қоғамдық жұмыстарда қатысу мерзімі зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ұзартылсын;

2) зейнеткерлік жас алдындағы адамдардан (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) басқа, мүгедектердің, дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғалардың қоғамдық жұмыстарда қатысу мерзімі алты айдан бір жылға дейін белгіленсін.

3. Жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті орган "Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Рахметуллаұлы Бикеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Осакаров ауданының әкімі*

*С. Аймаков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК